**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша**
**Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№7 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы** **15.03.2024 ж.**

**Қатысқандар:**
**АК төрайымы:**
1.Меирбекова О.Д. - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Агабекова Актолкын Бекарысовна | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 3. | Калимбетова Жансая Сейдахановна | - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы |
| 4. | Исабеков Жәнібек Назарбекұлы | - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, доцент м.а. |
| 5. | Бабахан Шохрух Абдилкасымұлы | - Электр инженериясы кафедрасы, аға оқытушы |
| 6. | Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич | - «КТЗ» АҚ-ның басқарма төрағасы |
| 7. | Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы | - МЭЭ-211 тобының 2курс магистранты |
| 8. | Ордабек Аяулым Бағдатқызы | - АЭЭ-011 тобының 4 курс білім алушысы |

**Қатыспағандар:** жоқ

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету
2. Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, пікілерін тыңдау
3. Наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

*Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы О.Д.Меирбекова*: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету, қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, пікілерін тыңдау және наурыз айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау болып табылады. Осы мәселелер бойынша жасалып жатқан жұмыстарды талқылап өтсек.

*АК мүшесі, Калимбетова Ж.С.* ***бірінші мәселе бойынша***: Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін бакалавр және магистратура ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету туралы сөз қозғады. УЕ-ХҚТУ-030-2021 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесіне сәйкес Инженерия және инженерлік іс даярлау бағытына кіретін ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ жасалды. ББ «Білім туралы» Заңы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III (04.07.2018 жылғы өзгерістері мен толықтыруларымен); Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі

білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №21 бұйрығымен өзгеріс енгізілген); Өмір бойы білім алуға арналған еуропалық біліктілік шеңбері (EQF). Еуропалық Комиссия, 2008 ж., Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №569 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды дайындау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» бұйрығы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 12.10.2018 № 563 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығымен бекітілген «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 603 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беру пәндері циклінің үлгілік оқу бағдарламалары», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығымен бекітіліп, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы №634 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесі», «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2022 жылғы 15 желтоқсан №500 бұйрығымен бекітілген «Педагогтің кәсіби стандарты» нормативтік құқықтық қамтылуына сай жасалды.

**Шешім: 1.** ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуі қамтамасыз етілсін.

***АК мүшесі, Худайбергенов Б.А., күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:*** Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастыру, пікілерін тыңдау мәселесі бойынша жұмыс беруші өкілі «Кентау трансформатор зауыты» АҚ-ның басқарма төрағасы Худайбергенов Б.А. сөз алды. 6В071-Инженерия және инженерлік іс бағыты, оның ішінде 6В07153 – Электр энергетикасы, 6В07154-Автоматтандыру және басқару ББ, 7М07158-Автоматтандыру және басқару және 7М07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бүгінгі болашақ маманның құзырлы даярлығы, ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді, сапалы игеруіне байланысты. Қазақстан қоғамы үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өзгерістер мен бәсеке үдерісінде адам сапасын сапалы дамытудың маңызы зор. Оны орындау үшін нарықтық экономикаға негізделген бәсекеге лайық жаңа заманда жаңаша ойлайтын жеке тұлғаны дайындау шарт. Қазақстандағы жоғары білім беруге негізделген инженерлік және инженерлік іс бағыты мамандарын даярлау жүйесінің көздейтін мақсаты-жан жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, өз бетімен білімін жетілдіре алатын, ең бастысы мамандығы бойынша қажетті білім, іскерлік, дағдысы қалыптасқан терең білімді және оны жас ұрпақты тәрбиелеуде қолдана алатын білікті, ізгілікті маман даярлау. Еліміздің білім беру саласындағы заман талабына сай ғылыми зерттеулерді орындайтын, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін, таңдалған ғылыми бағыт бойынша ақпараттық-іздестіру жұмыстарын ұйымдастыра алатын, пәндерді заманауи технологиялардың, цифрлық ресурстардың, инновациялық әдіс-тәсілдердің көмегімен оқытуды жүзеге асыра алатын болашақ мамандарды даярлау өзекті мәселе.

6В071-Инженерия және инженерлік іс бағыты, оның ішінде 6В07153 – Электр энергетикасы, 6В07154-Автоматтандыру және басқару ББ, 7М07158-Автоматтандыру және басқару және 7М07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бүгінгі болашақ маманның құзырлы даярлығы, ең алдымен мамандығы бойынша ғылыми білімді, сапалы игеруіне байланысты. Оның жоғары оқу орнында жинақтаған теориялық-практикалық білім

деңгейінің сапасы-болашақ жас ұрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары білім берудің жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту әрекеттік шығармашылық оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық сипаты басты нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керек.

***Қазақ-неміс политехникалық колледж директоры Сыздықов Н.Ш.*** *сөз алды.* Қазіргі таңда колледжде 7М07158-Автоматтандыру және басқару және 7М07130-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасы бойынша бітірген түлектер жұмыс жасайды. Түлектер ең алдымен мамандығы бойынша білімді сапалы игеруіне байланысты. Оның жоғары оқу орнында жинақтаған теориялық-практикалық білім деңгейінің сапасы-болашақ жас ұрпақтың білім көрсеткіші, сондықтан жоғары білім ьерудің жаңаша моделін құру, білім мазмұнын жаңарту әрекеттік шығармашылық оқуға көшу, білімнің тұлғалық-бағдарлық сипаты басты нәтижелілігіне бағдарлауды жүзеге асыру керек.

**Шешім: 2.** Қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылды, пікірлері талқыланды.

*АК мүшесі Агабекова А.Б.* Құрметті АК мүшелері наурыз айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды деп есептеуге болады. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуі қамтамасыз етілді, қолданыстағы ББ шеңберінде жұмыс берушілермен кездесу ұйымдастырылып, пікілері талқыланды және наурыз айында атқарылған іс шаралар өз деңгейінде орындалып жатқындығын айтқым келеді.

**Шешім:** Наурыз айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

**6В071 Инженерия және инженерлік іс даярлау бағыты бойынша**
**Академиялық комитет төрағасы:** **О.Д.Меирбекова**